

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1270 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 18 қаңтардағы N 20 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 12 тамыздағы № 139 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.08.12 N 139 Жарлығымен.

"Президент пен Үкімет актілерінің жинағында" жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1270 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 50, 640-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі туралы ережеде:

мынадай мазмұндағы 4-1, 4-2-тармақтармен толықтырылсын:

"4-1. Агенттік қаржы жылы ішінде шығыстарды өтеумен байланысты өзге де қ а р ж ы л ы қ т ү с і м д е р д і :

1) заңды күшіне енген сот шешімінің негізіндегі;
2) қайта ұйымдастырылуға орай Агенттікке құқықтар мен міндеттер берумен б а й л а н ы с т ы ;

3) қаржы ұйымдарының қызметкерлері үшін Агенттік ұйымдастырған оқыту ш ы ғ ы с т а р ы н ө т е й т і н ;

4) қызметтік емес сипаттағы көліктік қызмет, қалааралық және халықаралық сөйлесулер үшін өтем ретінде Агенттік қызметкерлерінен алынған;

5) шығыстарды өтеумен байланысты өзге де қаржылық түсімдерді ж и н а қ т а й д ы .

4-2. Қаржы жылының нәтижелері бойынша, Ұлттық Банкпен келісілген мерзімде, Агенттік Төрағасының не оның орнындағы адамның шешімі негізінде осы Ереженің 4-1-тармағында көзделген қаржылық түсімдер Ұлттық Банктің бюджетіне аударылады.";

9-тармақта "480091" деген цифрлар "050000" деген цифрлармен ауыстырылсын;

1 5 - т а р м а қ т а :

8) тармақшада "мен рұқсаттардың" деген сөздер алынып тасталсын;

11) тармақша алынып тасталсын;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) бағалы қағаздар нарығында жұмыс істеу үшін жеке тұлғаларға аттестация жүргізу және біліктілік куәліктерін беру, сондай-ақ біліктілік куәліктерінің қолданылуын тоқтата тұру немесе қайтарып алу тәртібін белгілейді";

17) және 19) тармақшалар алынып тасталсын;

33) тармақшада "және бағалы қағаздар нарығында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың" деген сөздер алынып тасталсын;

35) тармақша алынып тасталсын;

17-тармақтың екінші және үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"Агенттіктің Басқармасы жеті адамнан тұрады.

Агенттік Басқармасының құрамына Агенттіктің Төрағасы және Агенттіктің лауазымды тұлғалары, Қазақстан Республикасының Президентінен және Ұлттық Банктен бір-бірден, Қазақстан Республикасының Үкіметінен екі өкіл кіреді.";

1 8 - т а р м а қ т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) қаржы нарығындағы кәсіби қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияларды беру, олардың қолданылуын тоқтата тұрудың, қызметін жаңартудың, қайтарып алудың тәртібін белгілеу, сондай-ақ осы лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру, қызметін жаңарту және қайтарып алу туралы шешімдер қабылдау;"

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) кредиттік бюролар қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензияларды беру, олардың қолданылуын тоқтата тұрудың, қызметін жаңартудың тәртібін белгілеу, сондай-ақ осы лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру, қызметін жаңарту туралы шешімдер қабылдау;"

21-тармақ мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) қаржы нарығындағы кәсіби қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияларды, кредиттік бюролар қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензияларды беру туралы шешімдер қабылдайды;"

2. Осы Жарлық 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың он төртінші абзацын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қазақстан Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ